

С.О.Құлбарақ<sup>1</sup> , Г.А.Туякбаев<sup>2</sup> , Ә.М.Башенова<sup>\*2</sup> 

<sup>1</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: samen-56@mail.ru<sup>1</sup>, turmagambet@mail.ru<sup>2</sup>, \*alinur81@mail.ru<sup>3</sup>)

### Моңғолия аймағындағы қазақ топонимиясы (жазба деректер негізінде)

**Аңдатпа.** Мақалада Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасы жазба деректер негізінде қарастырылды. Қазақ халқының бір тармағы Керей Абақтың Алтай асып Моңғолия жерін қоныстанғанына бір жарым ғасырдан астам уақыт өткен. Түрлі тарихи кезеңдер мен ауыртпалықты бастан кешкен Моңғолия қазақтары қазірде Алтайдың теріскей бетін, Қобда өлкесін өз атамекені санайды. Жер-су аттары – өткен тарихтың, халық жадының белгісі. Мақаланың басты мақсаты – Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасын жинап-жүйелеу және басты сипаттарын, тарихпен байланыстылығын анықтау болып табылады. Бұл ретте алдыңғы кезекте жазба деректер – XIX ғасырда Моңғолия жерінде болған экспедиция мүшелерінің жолжазбалары, ел басына ауыр жағдайлар әкелген тарихи оқиғаларға байланысты шыққан халық ақындарының өлең-жырлары, балалық шағын атамекенде өткізіп, кейін атажұртқа оралған қандас бауырлардың естелік-толғаныстары, қазіргі ақындардың жыр-толғаныстары, тағы басқа материалдар негізге алынды. Зерттеу жұмысында Моңғолия қазақтарының көші-қон тарихына, бүгінгі тыныс-тіршілігіне байланысты шыққан кітаптар зерттеудің дереккөздері ретінде пайдаланылды.

Мақаланың өзектілігі Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасы бұрын-соңды зерттеу объектісіне айналмаған. Жұмыстың жаңалық сипаты да осымен байланыстырылады. Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасы бай және әр алуан. Тарихи топонимика қандас бауырлардың тарихынан, ел басынан өткен оқиғалардан мол мәліметтер береді. Моңғолия қазақтарының өз атамекенінде тұрақтап қалуы жанкешті күреспен, тарихи тұлғалардың батыл шешімдерімен байланысты екені анықталады. Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы шетелдегі қазақтардың қоныстану тарихы мен тарихи топонимикасының қалыптасу жолын тануда зерттеу еңбегі болып табылады. Жұмыс нәтижесін жоғары оқу орындарының филология бағыттарының дәрістерінде, осы тақырып бағытындағы зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Зерттеуде дискриптивтік (сипаттама), тарихи-салыстырмалы (компаративтік), тарихи-салғастырмалы (типологиялық) тілдік-этимологиялық, когнитивтік, жинақтау әдіс-тәсілдері негізге алынды.

**Түйін сөздер:** Моңғолия қазақтары, тарихи топонимика, тарихи оқиға, морфологиялық құрылым, топонимикалық аңыздар, фольклортану, жазба деректер, топонимдер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-80-94>

Түсті: 13.07.2024; Жөнделді: 27.08.2024; Мақұлданды: 13.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

## Кіріспе

XVIII ғасырдың орта шенінде Керей Жәнібек батырдың бастауымен Абақ Керейлер Сыр бойынан шығысқа бет алады. Бұл «Ақтабан шұбырынды» уақытынан кейінгі кез болатын. Қазақ даласы бұл кезде орыс бодандығына ұшырай бастаған. Ресей мен Қытай тәрізді екі алпауыт мемлекеттің аралығында қалған Абақ Керейлер біраз уақыт ішкі билікте ешкімге тәуелді болмаған. Төре тектілерден хан сайлап, «төрт төбе биге» бағынған. 1860 жылдардың орта кезінен бастап Алтайдың теріскей бетіне, Қобда жеріне қарай қоныс аударған. Талай тар кезеңді, зорлық-зомбылықты бастан өткерсе де, малға жайлы, сулы-нулы кең қоныста қазақ жұрты жанкештілікпен, ерлік рухпен тұрақтап қалған. Моңғол қазақтарының дербес тарихы осылай басталады. Қазақ қоныстанған жеріне, өзен-көлге ат берген. Жер-су атаулары бірде жаратылыстың сырт бітімі мен көркіне, қасиет-берекесіне орай берілсе, енді бірде ел басынан өткен оқиғаларымен, көш бастаған тұлғалармен байланыстырылып айтылған. Моңғол жер атаулары қазақтың үндестік заңымен өзгертіліп айтылған. Қазірде бес-алты ұрпақ ауысқан елге бұл жұрт атамекеніндей болып кеткен. Халық ақындары ел басынан өткен дүрбелең оқиғаларды жырлағанда, жер-су аттарын сағынышпен, қимастық сезіммен жырлайды. Бүгінде Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасы қалыптасқан. Оны жинау, ортақ белгілерін, танымдық-тарихилық сипатын, аталу тегін зерттеу ғылым үшін маңызды саналады. Шетелдердегі қазақ тарихы – Тәуелсіз қазақ елі тарихының ажырамас бөлігі.

**Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты.** Монғолиядағы қазақша жер-су атауларының этимологиясы мен әдеби, тарихи негіздерін зерделеу. Топонимдік аңыздардың типологиялық, тарихи-генетикалық ерекшеліктерін айқындау.

**Зерттеу нысаны.** Монғолиядағы қазақ топонимдері мен топонимдік аңыздар.

**Зерттеу пәні.** Топонимика, фольклортану.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Монғолия қазақтарының тарихи топонимикасы сипатталған шығыстанушы-этнограф ғалым Н.Г. Потаниннің жолжазбасы, қоныстану мен тарихи жағдайларды бейнелеген халық ақындарының туындылары мен естелік, зерттеу материалдары пайдаланылды. Тарихи топонимика жинақталды. Дискриптивтік, тарихи-салыстырмалы, тарихи-салғастырмалы, тілдік-этимологиялық, когнитивтік, тағы басқа әдіс-тәсілдер қолданылды.

Мақаланы жазу барысында Монғолиядағы қазақ әдебиетінің өкілдері Ақыт Үлімжіұлы, Базарқұл Тоқтарқожаұлы, Кәкей Жаңжұнұлы т.б. әдеби шығармаларындағы жер-су атаулары негізге алынды. Сонымен бірге Г.Н.Потаниннің, Г.Е.Грум-Гржимайлоның Монғолия өлкесіне жасаған экспедиция материалдары, Монғолиядағы қазақ тарихы мен әдебиетін зерттеушілер Құрметхан Мұхамәдіұлының, Зардыхан Қинаятұлының, Ислам Қабышұлының зерттеу материалдары пайдаланылды.

## Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасы жүйеленіп, сипатталып, тарихи оқиғалармен байланыстылығы анықталды;

Тарихи топонимиканың аталу тегі, этимологиясы қарастырылды; Жер-су атауларының жаратылыстың сыртқы бейне, қасиет-берекесімен, тарихи кезең шындығымен, көш бастаушы тұлғалар есімдерімен қатыстылығы көрсетілді; Жергілікті моңғол тіліндегі атаулардың қазақ тілі заңына бағындырыла айтылуы танылды.

Монғолия қазақтарының тарихи топонимикасы қазақ халқының басынан кешкен қилы кезеңдермен байланысты. «Ақтабан шұбырынды» жылдарынан кейін, XVIII ғасырдың орта шенінде Керей Жәнібек батыр Бердәулетұлының бастауымен қазақ көші Тарбағатай, Өр Алтай, одан әрі шығысқа қарай Қара Ертіс пен Қыран Ертістің аралығындағы кең өлкеге бет алады. Бұл кезде қазақ даласы орыс бодандығына ұшырай бастаған. Абақ Керейлер 1881 жылы Ресей патшалығы мен Мәнж Қытай екеуі қазақты шекара арқылы екіге бөлгенге дейін де, кейін де ешкімге толық тәуелді болмаған. Қытайдың ресми шекарасының ішінде

қалған кезде олар өздеріне төре текті Көгедайды хан сайлап, одан кейін Ажы, Қасымхан, Жеңісхан, Әлен уаң, Зәкихандар ел билеген. Он екі Абақ Керей ішкі билікте «төрт төбе биге» бағынатын ежелгі заңды ұстанған. Осы жылдары мал мен бас көбейіп, өріс тарлық етеді. 1860 жылдардың орта шенінен бастап Алтайдың теріскей бетіне, Қобда өлкесіне қарай көбі Шерушілер мен Жантекейлер, аз ауыл Қарақас, Молқы, Ителі, Шыбарайғыр, Жәдіктер көшіп келе бастаған. Осылайша, урианхай ауылдарымен қоныстас болған бейбіт көш әлденеше ондаған жылдарға созылады. Көш басшылары Көбеш батыр, Қожамжар төре деген ел ағалары болған.

Жиырма жылдың жүзі болғанда, тусыраған жерде қазақ жұрты дәулеті шалқып баиды. Мұны Мәнжі билеушілері көре алмайды. Кері көшуді талап етіп, елдің тыныштығын алады. Шеруші руы сол қоныста қалу үшін қуғыншылардың алдына он мың қой, мың бас жылқыны салып береді. Керейдің көсемі Көбеш батырдың басын сұрағандарға баласы Асылбек өз басын береді. Осылайша төрт-бес ұрпақтың ғұмыры өткен қасиетті өлке қазаққа оңай бұйырған жоқ. Небір қиын кездер өтіп, неше рет ауып, неше рет қасиетті мекенге қайта оралып отырған.

Жалпы, Қобда бетіне қазақ руларының бет алуы, жаз жайлап, қыс қыстауы әлдеқашан бұрын басталған. Бұл жөнінде 1835 жылы Чин патшалығының күнделігінде нақты мәліметтер келтірілген. Онда Ізғұтты бастаған алты жүздей отбасы көшпей отыр. Оларды Тарбағатай амбысы әскер жіберіп қууы керек делінген. Цин әкімшілігі көшпенді тұрмысы бір жауынгер халықтардың бірігуінен сақтанған. Чин патшалығы сөйтіп 1822 жылы Халқа монғолдардан жасақталған 4000 атты әскер жіберіп, қазақтарға ойран салған. Бұл тарихтан белгілі оқиға. Бірақ қазақтар Бұлғын өзені бойына 1839 жылы қайта оралған [1, 19]. Қазақ көшбастаушылары Ұранхай байларымен келісіп, тамырлық құрып, Алтайдың тауының қырат бөктерін қыстап, өзен-бұлақ жағалап араласа берген. Сөйтіп, малының жайына қарай сай-саланы иемдене бастаған. Алғашқы уақытта ұранқай, тываның нояндары жер-суын қызғанып, қыспақ көрсетсе де, қазақтың Жылқышы, тағы басқа белді басшылары нояндармен тіл табыса білген. Қайтарып көшіре алмаған соң ұранқай нояндары қазақтардан «жер басар» салығын алып отыруға келіскен. Қобда өлкесіне қазақтар біржола орныға бастайды. Шеруші руы Қобда өзенінің алқабына ішкерілесе, Базарқұлдар Сақсай өзенінің бойы, Баянтыға дейін, Молқы, Қарақас, Ботақаралар Дэлүүн, Толбо өлкелеріне ішкерілеп жайлайды.

Ақын Бақат Манапұлы бұл қоныстануды:

Аз Керей Қобда бетін мекен еткен,  
Келіпті Алтай асып алыс шеттен.  
Бос жатқан Монғол жерін иеленіп,  
От жағып, отау тігіп еңбек еткен.

Сілемі Алтай таудың малға жайлы,  
Өзен-көл, орман-тоғай, терең сайлы.  
Алшаңдап азғана жыл кеңдік көріп,  
Ұмыт боп кетіп еді уайым-қайғы [2,17], - деп жырлайды.

Алғашқы көшбасы – тарихи тұлғалар қатарында Қожамжар төре (Өжеке) Сәменұлы, Көбеш Айтбайұлы, Жылқышы Ақтайұлы (1824-1885), Тілеулі (Бәлекен) Кененұлы, Жуанған Майынтыұлы, Бозай мен Манақ Өкімбайұлы, Бардам Сабылдықұлы, Тұяқбай мен Бозтай, Құлыбай мен Кенен, Дөңтай Қожанбетұлы, Қайсарбай мен Тәйжі, Асылбек Көбешұлы болды. Моңғолия қазақтары ел басына қиын күн туғанда сыналған, елі үшін басын бәйгеге тіккен тұлғаларды да құрметтеп, тарих төріне көтереді. Олар: Қиюбай Ақышұлы (1857-1919), Қылаң Қанжығалыұлы, Сүкірбай Жылқышыұлы (1870-1918), Оразбек қажы Манақұлы (?-1938), Күлкедай зәңгі Әндрейұлы (1856-1922), Үмбет залың Тұманұлы (1852-1937), Байқадам Мұрындықұлы (?-1939), Қалел тәйжі Бітімшіұлы, Көрімбай батыр, Арсалаң, Шонжай, Дәлелхан Сүкірбайұлы (1904-1949), Дөрбетхан Сүкірбайұлы (1901-1921) және тағы басқалар.

Тарихи үдерісті зерттеген ғалым Ислам Қабышұлы: «Алтайдағы абақ керейлер қазақ басына қиын қыстау күн туған сонау 1723 жылдар шамасында Сыр бойынан қазақтың шығыс жағына ойысып қоныс аударды. Алтай өңіріндегі қазақтар 150 жылдай біртұтас өмір сүріп, 1830 жылдардан бастап рулық құрылысқа негізделген өзіндік әкімшілік системасын құрды. Сонан кейін шамамен қырық жылдай уақыт өткенде, 1867 жылдар бұл ел тағы да екіге бөлініп, бір жартысы Моңғол өлкесіне өтті, дені байырғы мекенінде қалды. Демек Моңғол қазақтарының дербес тарихы осыдан былайғы дәуірді қамтымақ» [3,31], - деп ой түйеді.

Қазақ қоныстанған жеріне атау берген. Жер-су атаулары бірде жаратылыстың сырт бітімі мен көркіне, жер ыңғайы мен тіршілікке қатысына орай берілсе, бірде тарихи сәттің оқиғаларымен, көшбастаушы адамдардың есімдерімен байланыстырылып айтылған. Бесалты ұрпақ ауысқан жер бүгінде қазаққа атамекеніндей болып кеткен. Сондықтан кейінгі ұрпақ оны түрлі тарихи сәттерде ет-бауыры елжіреп, қимастықпен жырға қосқан.

Монғолия қазақтарының фольклорында «Туған жерді сағыну» деген өлең сақталған [4,52-54]. Кең жайлаған жерден еріксіз көшуге мәжбүр болған олар туған жердің қасиетін қимас сезіммен жырлайды. Өлеңде туған жердің атаулары кең қамтылған.

- Атыңнан, айналайын, бар Құдайым,  
Жігітке пайда бермес сары уайым.  
Он бір жыл мекен еткен Бөкемұрын,  
Айтайын бір азырақ мұның жайын.

Жайлы еді қой, жылқыға Көксай, Баруын,  
Тоқтатпас соққан боран жауған жауын.  
Көрем деп өзімдей жан біткенді,

Бейнеттің мықтап таптым қайғы-зарын [4,52], -

дейді ақын. Белгісіз ақынның жырында мұнан өзге де топонимикалық атаулар берілген. «Бөктері Көксай, Күнсай, Белің, Шаған...», «Құм едің қойға күзеу Долаңқара...», «Көкадыр одан төмен алтын Қазық...», «Мекен жер – үш Шегіртау, Бөкемұрын...», «Жер жетпес көк шалғынды Ногоннурға...», «Нәрін су, одан төмен Ащты көлім...», «Кенере, Дала бөктер екі Жорық...», «Салмен, Қодыра бар айтылмаған...», «Жер қайда екі Хату, Бұрғысындай...», «Кіре мен Жаматыдай жайлау қайда...», «Сарқобы, Қайран Ақкөл, Қарамаңдай, Бер жағы Шындабаның Қараганды ой...», «Асганти, Обаты мен Орықтым-ай...», «Ырсекең, жатушы едің талықсып-ай, Үшойғыр, Уланхусын, Ақкөл, Соғак...» деп келетін жер-су аттары халықтың бұл мекенге бауыр басып, туған жеріндей көргені аңғарылады. Мұндағы жер-су атауларының жасалу жолы әр алуан. Екі сөздің бірігуінен, не екі сөздің тіркесінен жасалған кей жер-су атаулары еш қиындықсыз түсінікті, әрі жер ыңғайының сипатын нақты суреттеуімен ерекшеленеді. Көксай, Күнсай, Көкадыр, Ақкөл атаулары, мәселен, еш қиындықсыз түсінікті, әрі жер-су белгілері, сипаты нақты айшықталады. Күнсай – күн сәулесі мол түсетін сай екені аңғарылады. Ал кейбір жер атауларының мағынасын анықтау үшін тарихи-салыстырмалы этимологиялық зерттеу жүргізу қажеттігі байқалады. Мәселен, Жаматы, Обаты, Орықты, Шындаба атауларының мағынасы бір дегенде түсініксіз. Қойы қоралас болып кеткен урианхай атаулары да қазақ ұғымына сіңісті болып кеткен. Ногоннур, Асганти, Уланхусын, Соғак атаулары осының көрінісі. Өлең жолдарында жер-су атаулары жалаң айтылмайды. Оның қасиеті, малға жайлылығы алдыңғы кезекте сипатталады. Мал – тіршілік көзі. Малы, дәулеті артқан қазаққа жаңа жайылым, қыстау қажеттілігі артқан. Моңғол қазақтарының жер-су атауларының тағы бір ерекшелігі – Үш Шегіртау, Екі Жорық, Екі Хату, Үшойғыр атты сан есім тіркесті, не сан есіммен біркөк атаулардың кездесуі. Сол маңайдағы көл де, сай да бір атаумен атала берген.

Монғолия қазақтарының топонимикалық атауларының бай көзі – халық ақындарының туындылары мен әр уақытта Моңғолия жеріне барған экспедиция ғалымдарының жолжазбалары, сол жерде туып-өсіп, кейін атажұртқа келген қандастардың естеліктері.

Соның бірі – Орыс императорлық географиялық қоғамының мүшесі Григорий Николаевич Потаниннің «Очерки Северо-Западной Монголии» жолжазбасы [5].

Ғалым 1876-1877 және 1879-1880 жылдары Солтүстік батыс Монғолия және Тува экспедициясына қатысқан. Экспедиция барысында жергілікті халықтардың тарихы мен географиясы, этнографиясы және түркі-монғол халықтарының мәдениетін зерттеп, еңбек жазған. Тәңір тауының бір жотасы мен Монғол Алтайындағы мұзды асуға оның есімі берілген. Алтайдың теріскей бетінен күнге бетіне өтетін асуды ондағы қазақтар әлі күнге дейін «*Ботамойын*» асуы («Потанин» сөзі қазақ тілі заңдылығы бойынша дыбыстық өзгеріске ұшыраған) делінеді. Оның «Солтүстік батыс Монғолия очерктері» еңбегінде Солтүстік батыс Монғолияның географиясы мен табиғаты, халықтың салт-дәстүрімен бірге ондағы қазақ, тува, хакас, бурят, монғолдардың 200-ден аса аңыз-әңгіме, ертегілері мен шежіре, жыр мәтіндері жинақталған. Қиятұлы Зардыханның «Монғолиядағы қазақтар» кітабында осы еңбектен қазақтардың тарихы мен тіршілігіне байланысты үзінділер келтірілген [6,55-67].

Жалпы, Г.Н. Потанин бұл өлкені 1876 жылы қыркүйек, қазан айларында басып өткен. Бұл уақытта Алтай асып енді келе бастағандықтан, қазақ ауылдары *Дайын көл*, *Жаматы*, *Сүңгіті*, *Қу ағаш*, *Ақ қорымнан* аса қоймаған болатын. Г.Е. Грумм-Гржимайло және А.Н. Казнаковтың жазуынша, қазақ ауылдарының алдыңғы легі 1890-1900 жылдары *Қобда*, *Буянтыға* жеткен [7,5]. Қазақтар *Дэлунге* 1890 жылдардан келе бастаған.

Н.Г. Потанин жолжазбасында қазақ жұрты қоныстанған өлкедегі жер-су аттары ғалымға тән ұқыптылықпен тізіп сипатталып жазылған.

*Дайын көлі*. Қыркүйектің 13 күні (1876 ж.) өзеннің құйғанына келдік, онда түнеуге мүмкіндік бар екен. Өзеннің толқыны құмды жағаны ұрып тұр. Кейбір тұсы терең, кейбір жері ат бауырынан келеді екен. Өзеннің екі жағында үзік-үзік көлдер бар. Өзеннің құйып жатқан көлі *Дайын көлінің* бір саласы ғана, оның оңтүстік жағы солтүстік бөліміне қарағанда таяздау.

*Қыран Ертіс*, *Қара Ертіс*. Мұнда бізге Алтайдың солтүстік бетін мекендейтін Жәнтекей руының Самарқан сұлтанына қарасты қазақтар келіп жолыға бастады. Бұл көшпенділер Альпінің биік аңғарын әлдеқашан артқа тастап, *Қыран Ертіс*, *Қара Ертістің* жылы жазығына түсіп, *Дайын көлде* қайта бой көрсете бастаған қырғыз (қазақ) ауылдары екен.

*Тұлба көлі*. 27-күні *Тұлба көлін* оңтүстігінен айналып өттік.

*Тал-нор*. Асудан *Тал-нор* көрініп тұр.

*Суық*. Бұл *Қобдадан Суыққа* апаратын жол.

*Теректі асуы*. *Теректі бөктері*. Жалғасып жатқан жарлардан *Теректі асуының* бөктеріне дейін әлі де 16 шақырым, жалпы бұл аңғардың ұзындығы 30 шақырым.

*Табын-сала*. Өзен екі саладан құралады, солтүстік саласы *Дэлун*, оңтүстігі бес тау бұлағынан құралатын *Табын-сала*.

Г.Н. Потанин жолжазбасынан Монғолиядағы қазақтың жер-су аттарының соншалықты молдығы және әр алуандығы көрінеді. Жиырма жылға жуық қоныс тепкен қазақтар бұл уақытта бұл өлкеге бауыр басып қалған. Топонимикалық атаулар қазақ халқының ой-қиялының жүйріктігіне орай мәнді де мағыналы болып келеді.

*Барлам сайы*, *Барлам өзені* сол жерді мекендеген қазақтың көшбастаушысының есімімен аталған. Бұл жөнінде Ү. Құрманбайұлы «Тағдыр» кітабында мәлімет келтіреді: «*Барлам өлкесі* ботекеннің Сабылдықұлы Барлам үкірдайының (1848-1912) елін *Қобда* бетіне бастап келіп, алғаш мекен еткен жері екен. Бұл кісі тарихта аты белгілі «*Жалама айдаған*» заманда халықтың ақылшысы болған тұлға. Халықтың Барламның ғана сөзін сыйлайтын, ықпалын білген қанішер Дамбийжанцан елді айдауға көндіруге жұмсайды. Қарусыз елдің қарсыласып опа таппайтынын түсінген Барлам халыққа жаудың айтқанына көніп, көше беріңдер деген ақыл айтады. Абақтыда жатқан Арсалаңмен астыртын тіл алысып, көш барысында қолайлы сәтте (мал тойынған, ат-көлік жарамды кезде) айдаған шеріктерді қырып, орысқа өтіп кетуге бағыт берген адам осы Барлам болатын. Жалама жеңдеттерінен қиыншылық көрген талай адамдарды азаптан құтқарғаны жайлы атақты

ақын, ғұлама діндар Ақыт қажы Үлімжіұлы өзінің «Қобда кеңесі» жырында толық баян еткенін тарихтан хабардар әрбір қазақ жақсы біледі» [8,171], - дейді.

Н.Г. Потанин жолжазбасында аталған жер-су атаулары кейінгі ақындардың өлең-жырларына арқау болған. *Ақ қорымды* Дөненбай қызы Қалайын ана жырына қосқан:

Қарасақ *Ақ қорымның* асқарына,  
Құс қонған бұлт ілініп тастарына.  
Таңданып көзің тұнған бір ғажайып,  
Қыз емшек қызыл ала тастарына.

*Ақ қорым* – шыңның аты. Өлең жолдарында оның биіктігі, әрі ғажайып әдемілігі бейнеленген. *Қорым* – қазақы түсінікте зират ұғымын да береді. *Ақ шыңның* мәңгі қар құрсауында екенін білдірсе, *қорым* оның аса қауіптілігін аңғартса керек.

Г.Н. Потанин жазбасындағы *Қайырты*, *Қу ағаш* Ақыт қажы Үлімжіұлының «Алтай толғауы» өлеңінде айтылады. Қазақтар өзенді және өзен бойындағы даланы «*Қу ағаш*», «*Қу үй*» деп те атаған.

*Қашқырты*, *Құсты*, *Қайырты*,  
Жайлауы соның аралы.  
*Шағандара*, *Қу үйдің*  
Аюы бар балалы [9,142].

*Қу ағашта* Қобда бойына қоныстанған қазақтарды кері қайтару туралы Чин империялық үкіметінің 1890 жылғы жарлығына қарсы шығып, басын алдырған Қабышұлы Асылбектің бассыз денесі жерленген [10,501].

Қабышұлы Асылбек өлімінің жайы ел аузында сақталған. Манж Чин үкіметі XVIII ғасырда Жоңғар хандығын құлатқан соң, Жоңғар даласына әскери әкімшілік орнатып, ішкі өлкелерден қытайлар қоныс аударып келе бастаған. Әскери әкімшілік тұрғын халықтың діни сенімін аяқ асты етеді. Жерін тартып алып, алман-салықты күшейтеді. Іледе, Тарбағатайда, Сауырда қазақ шаруаларының көтерілісі басталады. Одан қашқан Чин әскері Алтайға қарай бет бұрып, Ажы төре басқарған елді талан-таражға салады. Аяқтарын қызыл шүберекпен орап алған әскерді қазақтар «қызыл аяқтылар» деген. 1869 жылы көктемде «қызыл аяқтылармен» болған шайқаста Көбеш батырдың ұлы Қарынбек қаза табады. Бұл жолы Көбеш батырдың өзі шығып, Жәнібек батырдың ұрпақтарына сауын айтады. Ер Жәнібектің туын ұстап Алтай қазақтарының тегіс көтерілгенін көрген «қызыл аяқтылар» қашуға мәжбүр болады. Бұдан кейін Алтай халқы біраз уақыт тыныш өмір сүреді.

1860-1870 жылдары Іле генералы Алтай шекарасын қорғауға Жұң Ғалдай бастаған бес жүз әскер жібереді. Шаған Кеген (Чагаан гэгээн) Алтай халқын басқаруға келеді. Халық басына тағы да қиын күндер туады. Салық күшейеді. Шеген Кеген Қобдадағы ел басыларды жинап, есіктен кіре бере оларды кісендетіп, жеке үйлерге қаматып, тергей бастайды. Мақсаты – елді үркітіп, еріксіз көшіру. Елбасылары бұл талапқа көнбейді. Жылқышы мен Асылбек қоныс тепкен мекендерінен көшпейтінін білдіріп қарсыласады. Шеген Кеген үкімет алдындағы беделін сақтау үшін қараниетке барып: «Хан қаулысына қарсы шығып, елді бөлшектеп, Алтай бетіне қайта баруға көнбеген күнәкар Жылқышы Ақтайұлы мен Асылбек Көбешұлын өлімге үкім етілді» деп жарлық етіп, үстіне қызыл жауып, халық ортасына шығарады. Шеген Кеген абыржыған елге қарап:

- Өлімге кесілген Жылқышы Ақтайұлының құны бір мың қара ат, Асылбек Көбешұлының құны бір мың ақ ат. Құтқарамын деген ел-жұрт, ағайын-туғандары болса, жеті күннің ішінде осы малдарды санына толтырып, күнәкарларды сұрап алуға хан қолы рұқсат етеді! – дейді.

Чин үкіметі атынан шығарылған үкім елге тарайды. Жетінші күн болғанда, Шерушінің мың қара аты толып, Асылбектің күн бодауына салынған Жәнтекей елінің бір мың ақ аты толмай қалады. Қызыл жамылған Асылбек биді Шаған Кегеннің жеңдеттері алдын ала дайындаған орға қарай ала жөнеледі. Бір жеңдеттің қолындағы қылыш қалың қауымның алдында Асылбектің басын шабады. Бұл қазақ баласы көрмеген сұмдық болатын. Қобда бетінде назаланбаған ел қалмайды.

Ағасы Асылбектің басын алған күні інісі Мұрындықты Шаған Кеген шақырып алып:  
- Көшпесең, саған да осыны көрсетемін! – дейді. Сонда жиырма жасар Мұрындық:  
- Кессең, міне басым, алсаң, міне жаным! Көшпейді елім, көшпеймін мен! – деп қанды кектің ашуын шақыра жауап қатады. Жиналған жұрт:

- Шауып, қырып кетсең де шыдадық! Шаңырағымызды ортасына түсірсеңдер түсіріп кет, күл төккен төбемізде қалғанымыз қалған, - деп жамырай шуласып, тарап кетеді. Шеген Кеген (Чагаан гэгээн) енді ешкімді сұраққа тарта алмайды [2,12-15].

Қу *агаиштагы* Асылбектің басты денесі осылай жерленген. Жаңа иелікке табан тіреген қазақ жұрты өліспей-беріспеуге бекінген. Асылбектің орнына бата жасауға барған Жылқышыны құдасы Көбеш құшақтап көріскенде, келіні – Мұрындықтың әйелі Жықаң мен оның бәйбішесі Шөтеге мұңын шағып жоқтау айтыпты.

Әжекем өтті, Жықай-ау,  
Арым бір пір-ау, Нысай-ау.  
Айналайын ағакеш,  
Ұшып бір кеткен құсай-ау.  
Құрып қойған тұсау, бау,  
Шүршіт деген бір пәле,

Аса алмастай қысаң-ау!.. – деп, шүршіттің озбырлығын, ел басына түскен қайғыны тілге тиек етеді. Моңғол қазақтарының жаңа қонысқа табан тіреуі осындай үлкен қиыншылықтармен өткен. Халық сонда да мықтылығын, бірлігін, қайсар рухын танытқан.

Моңғолия қазақтарының басынан кешкен ауырпалықтың бірі – «Ақтабан шұбырынды» тәрізді ел басына қайғы-қасірет әкелген «Жалама айдаған жылдар». Бұл жөнінде елдің ауызша тарихы мен халық ақындарының туындылары сақталған.

«Жа Лама» (trans. Da Lama) – Моңғол тұңғыстың «Да Лама» немесе «Дін басы, бас Лама» сөзінен шыққан. Да Лама Дамбийжанцан – 1860 жылдары Астрахан уезінде туған қалмақ. 1890 жылдардың басында қалмақтардың бұрынғы атамекені Батыс Моңғолияға келіп, «Моңғол елінің тәуелсіздігі үшін күрескер, дін уағыздаушы» ретінде танылады. «Қос түйелі диуана» лақабымен аты шыққан. 1891 жылы Тибет аспақшы болғанда, Улиастайда шүршіт-қытай шекарасында қолға түсіп, Орыс консулының араласуымен Ресейге қайтарылған.

1900 жылы «Ширээт лама» деген бүркеншік атпен П.К. Козлов экспедициясының құрамында Моңғолияға қайтып келеді. Козлов тапсырмасымен будда дінінің орталығы Лхас қаласына барып, қайту жолда «адасып», Моңғолияда қалған. 1910 жылы Қобда өңіріне келіп, Батыс Моңғолиядағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысады. 1011 жылы тамыз айының 20-сы күні Қобда қаласын шүршіт-қытайлардан азат ету үшін болған шайқаста ерлік көрсетіп, Боғда ханның «Догшин ноен хутагт» (Айбарлы сұлтан) лауазымына ие болады. Батыс моңғолиялықтардың арасында «Ол әулие және Өлеттің әйгілі Әмірсанасының мұрагері екен-мыс» деген аңыз тарайды. Осының арқасында алғаш екі түйе, маузер мылтығымен келген ол екі жылдың ішінде қарамағында 10 мың отбасы, 500 әскері, 10 мыңнан астам малы бар әміршіге айналады.

1912 жылы өзін Батыс Моңғолияның ханы деп жариялайды. Орталықты Қобдадан Мунджик немесе Шар-цэх деп аталатын кішкентай шіркеуге көшіреді. Дамбийжанцан сонда 1912 жылдың күзінде елдің игі жақсыларын шақырып, той жасап, үлкен жиын өткізеді. Жиында оның ұсынысымен елден шеткері жүрген қазақтарды Моңғолияның ішкі өлкелеріне – Дөрбеттің Далайхан жеріне көшіру туралы шешім қабылданады. Бұл қазақ жұртына үлкен ылаң әкелді [6,88-89].

«Жалама айдаған жылдар оқиғасы» 3. Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» кітабында біршама кеңінен баяндалады [11,69-75]. Бұл оқиғада ауыр жапа шеккен қазақ жұрты болды. Олардың бір тобы Ресей, бір бөліктері Алтай асты. Молқы, Базарқұл, Қарақас рулары Алтайға қашқан. Көп адам қырғынға ұшырап, мал-мүлкі тоналды. Ақыт қажы Үлімжіұлының:

Жан-жаққа тұрды Керей көзін салып,  
Қазаққа сол күндері халық қанық.  
Шеруші Алтай асып көшіп кетті,  
Қылаңның сөз төркінін сезіп қалып [11,75], - деген өлең жолдары сол жылдардың шындығын, халық басындағы қиыншылықты білдіреді. Осы дүрбелеңнің бел ортасында болып, талай қиянатты бастан өткерген ақын Нәжікеш Таңқайұлы «Ел айдаған» дастанында:

Жайладың жаз маусымда Олон-норға,  
Әскердің өкімімен бардың зорға.  
Сойғызып Ақынбекті бітеу тұлып,

Құтылмас әбден түстік темір торға [12,188], - деп жырлады. Мұнда қазақ жұртының жаз уақытында Олон-норға әскердің күшімен еріксіз көшірілгені айтылады. Ақынбекті тірілей сойып, бітеу тұлыпқа айналдыруы бұрын-соңды ел естімеген сұмдық болатын.

Жа ламаның айтқанын тыңдамай, Алтайға ауа көшкен Қарақас, Молқы, Ботақара ауылдарын қайта айдап келуді Адай төре мен Бардам үкірдайға тапсырғанмен аяқсыз қалады. Осыған шамырқанған қанқұйлы Жа лама Дэлүүннің Жалғызағаш пен Төңіректің Ақбұлақ жайлауында отырған Қарақас ауылдарына қырғидай тиіскенде, Тоққұл қажының ұлы Ақынбек зәңгі: «Басымды алсаң да, елімді атамекенінен көшірмеймін!» деп, алдыңғы келген бірнеше әскерді ұстап алады. Қашып шыққан бір әскер қарсыласқан Рақым деген жігітті атып өлтіреді. Ыза-кекке булыққан Рақымның әйелі Құлашкер сол әскердің айдарымен әскердің өзін де қылқыңдырып өлтіреді. Құлашкердің шын есімі Бәтима, ол Сарбас руы Шотқара, Буратай зәңгінің туысы Шаңдақбайдың қызы, кесек денелі, кең құлашты болғандықтан, қайын інілері қалжыңдап, «Құлашкер» деп атап кеткен екен. Осы жанталаста Дамбийжанцанның үш әскері өледі.

Ақынбек қашып шыққанда атына оқ тиіп, қуғыншы әскерлердің қолына түседі. Ол Сарыкөлде жаздай түрмеде қамалады. Сонда да елін ішкері көшіруді мойындамайды. Ақынбектің анасы Қалампыр Жа ламаға атан түйе, ат, қалы кілем, күміс жамбы беріп жанын сұраса да, Дамбийжанцан жібімейді. Керісінше 34 жастағы Ақынбек пен туысы Үмбетайды күзде тірідей сойып, тұлып терісіне шөп қаптап, елге айбар көрсетеді. Ақынбектің анасы Қалампыр кемпір жоқтауында:

Үкілі балақ, сексен шоқ,  
Ұстауға кетті, келген жоқ.  
Атан да түйе, ат тарттым,  
Сонда да кәпір берген жоқ... –  
деп, Жа ламаның зұлымдығын ашық айтады.

Қарсылық көрсеткен Арсалаң батырды да әскерлер ұстап, темір шынжырмен ноқталап, кепілдікке Қобда қаласына әкетеді. Сонда Арсалаң: «Қазақтан мендей бір ұл туар. Маған қарамай жауды жер жастандырып, елді атамекенге қайтарыңдар!» деп тапсырады [2,56]

Алтайдың арғы беті Көктоғай ауданында туып өссе де, саналы өмірі мен жігіттік шағын Қобда бетінде өткізген Алтай, Қобда қазақтарының азаттық жолындағы күрес басшыларының бірі болған, ақын Ақыт Үлімжіұлы (1867-1938) сол бір шырғалаң кезді жырға қосқан.

Алтай тау, Қобда, Сауыр, Бәйтік Богда,  
Ерентау, Сантай, Бөкен – тұрмыз сонда.  
Алшаңдап азғантай жыл кеңдік көрген,  
Байытқан берекелі қайран Қобда [13,23].

Жарылқасын Тоқтарқожаұлы (1892-1952) – атақты Көбеш батырдың ұрпағы. Жа лама Дамбийжанцанның бастауымен 1931-1933 жылдары Кенжебек Бұлғын елін бөтен жаққа айдаған кездегі елдің зарын:

Үш Темірті, Бұлғын су,  
Қызыл қайың, Сөнхіл-ді.  
Бақ қайтайын дегенде  
Сол жерден елім жөнкілді.



Хұжыртты, Жолты, Серуен  
Сеңкір асар керуен.  
Мал, жан аман күйзелді  
Айдалып мекен жерінен, -  
деп бейнелейді. Кейін ақын туған өлкесіне қайта оралуына арнап:

Сөнкіл мен Үш Теміртi, Қызыл қайың,  
Түскенде жер есіме зар жылаймын.  
Сай салам, сайран құрған құтты мекен,  
Көрсетті міне, өзіңді бір Құдайым! [14,208], – деп жыр төгеді. Өлең жолдарындағы *Үш Теміртi, Бұлғын су, Қызыл қайың, Сөнкіл* тарихи топонимдері ақынның туған жерге деген сағынышын ажарлай түскен. Бұл тарихта «Кенжебек айдаған» деген атпен қалған қанды оқиғаның зардабынан туған жыр болатын.

Қазақ жұрты ен жайлаған Бұлғын бойы 1912 жылдан Моңғол билігіне өткен. Бұл жер Қытаймен шекаралас болғандықтан, халықтың қауіпсіздігі үшін 1931-1932 жылдары үкімет қазақты ішкерілетіп көшіруге қам жасайды. Бұл іске сол кездегі Кеңес одағының ішкі істер бөлімінің капитаны, Қобда аймағының ішкі істер бөлімінің кеңесшісі Кенжебек Қосжановты басшы етіп жұмсайды. Саясатты түсінбеген халық Қобда аймағының шекарасына жеткен кезде, Кенжебекті Ұландаба асуында өлтіріп, мекеніне қайтып оралады.

Сол кездің оқиғасы шеруші Ақжақыптың өлеңінде де көрініс тапқан:  
Кенжебек ақыл айтып кеше кетті,  
Азғана сонан бері уақыт өтті.  
Алдында ажал тосып тұрды ма екен,  
Мінеки, өлді деген хабар жетті.  
Бұл кезеңнің бейнесі Базарқұл Тоқтарқожаұлы Жарылқасын ақынның өлеңінде сақталып қалған:

Көкбелшір мен Дутыдай,  
Мекеннен халық сусыды-ай.  
Ел кетіп, иен қалған соң,  
Қайран жер қайта тусыды-ай!.. –

Халық ақындарының өлең жолдарында келтірілген *Көкбелшір, Дуты, Қойшолун, Ұлағшын* оқиға өткен жерлер. Сол тар кезеңнің куәсіндей халық жырларында еске алынады.

Моңғолия қазақтарының қастерлі қара мекені *Бұлғын* көптеген ақындардың жыр арқауына өзек болған. Дарынды өнерпаз Үсенұлы Ақынбаба Уланбатыр қаласында жоғары мектепте оқып жүріп, жазғы демалысқа келе жатқанында, Улағшын өзеніне жете беріп, дізгіншіні тоқтатып, өзенге басын тығып, суынан бір жұтып, жанарына жас толып дереу жыр төккен екен дейді:

Іштім талай шаһардың құдық суын,  
Аңсап келдім Бұлғынның тұнық суын.  
Алқа асынған аруы мың бұрала  
Пай-пай, шіркін жаз келсе бұлақ суын.  
Жасыл Бұлғын,  
Асыл құрбым!  
Дарынды ақын, Монғолия қазақтарының біртуар перзенті Жаңжүңұлы Кәкей де:  
Бұлғыным мөлдірім-ай, тұнығым-ай,  
Суыңнан жұтайыншы құнығып-ай!  
Көгілдір иірімде дір-дір етіп,  
Көлкіген айдың жарты сынығын-ай! - деп жырлаған.

Өлең жолдарынан ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі көркем көрініс тапқан. Сондай-ақ туындыда Уландабадағы *Торсық тас, Қызыл күнгейдегі Сетер тал, Улағшындағы Кіндік тал, Ендіртінің Емелтісі, Асау Күрті* өзенінің әсемдігін жыр еткен.

Жырау Кәрібайұлы Малғаждар ел-жұртынан біраз уақыт жырақта болғанда «Жерімнің сипаты» деген жыр жазған:

*Бай Бұлғын* үлкен өзен құлдап аққан,  
Төсінде сансыз бұлақ сыңғыр қаққан.  
Таралып оң мен солды сала-сала,  
Бір өзіне отыз өзен құйып жатқан.  
Хамзаұлы Мауқара «Туған елге сәлем» жырын жазса, Бәмішұлы Бақытбек «*Бай Бұлғын*  
жерім-ай» жыр толғайды.

...Қартаймастай жүрміз-ау кісідейін,  
Қайтпас жандай боламыз күші кейін.  
Дауысым жетсін *Алтайға*, *Бұлғыныма*,  
Алатаудан арқырап кісінейін.

Неше бір қиын уақыт өтсе де, тамаша табиғат аясы Бұлғынның қазақтарға құтты қоныс болғаны аңғарылады. Ақындар өлеңдерінде өңірдің бар тамаша сұлулығы мен құт-берекесін шабыттана жырға қосады.

Моңғолия қазақтарының жер-су аттары ата жұртқа көшіп келген, туған жерін сағынған қандас бауырлардың естеліктерінде, қазіргі заман ақындарының өлеңдерінде көрініс берген. Ү. Құрманбайұлының «Тағдыр» көркем әдеби, саяси туындысында автор туған жер табиғатын, жер-суын толағай сағынышпен еске алады.

«Біз *Қарабұта* жайлауында демалып жатсақ та, көңіл түкпірінде Алтайдың барлық жайлауы тұнып тұр. Бетін күнгеіге бұрған *Жолтыдан* бастап, *Шегіртау*, *Жалаңаш*, *Үш Тошын*, *Бор бұрғыс*, *Сақсай*, *Сарқобы* сияқты әр таудың саласындағы жайлауды санап тауыспайсыз. Сай саладан жарыса аққан сансыз бұлақ *Сақсай*, *Қаракөл*, *Жалаңаш*, *Шегіртау*, *Шалғыр* сияқты ондаған дарияның күркіреген дыбысы сазды әуендей құлағыңнан кетпейді. Ал *Қаракөл*, *Шегіртау*, *Жалаңаш*, *Қолағаш* сияқты айдын көлдері жер анаға сәнін де, нәрін де беріп тұрғаны анық сезіледі» [8,164].

Автор жер-су атауларын тек санамалап қоймай, олардың көріністерін, қасиетін тарихтап жазады. «*Алтайдың Атаң дарасы*, *Кішіүй дарасының Қолағашпен* ұштасқан ең биік шоқысының төбесінен қарасаңыз сонау Өлгийдің батысындағы *Сақсай*, *Улаанхус*, *Буянт*, оңтүстіктегі *Тұлба*, *Дэлүүн* сұмындары мен Алтайдың *Қызылқиядан* бергі барлық жері, қытай шекарасы көз алдыңызға картадағыдай көрінеді.

Ең алғаш Алтай сұмынына Көбеш батыр бастап келіп, ботақара ауылдары Батырбек, Жақыпбек аталарымыздың қыстауы болған *Қызылқия* әнее қасқайып тұр. Қазақтар көшіп келе бастағанда жергілікті ұранхайлар жерге таласып, төбелес қақтығыстар да өткені кешегі тарих. Сол заманның куәсі ботақара Жақыпбек деген кісі ұранхайлармен жерге таласып, қақтығыста оқтан қайтыс болған. *Үшбұлақта* «*Жақыпбек атылған жер*» деген атау тарихта сақталып қалды» [8,170].

«*Қызылқияның басы Сідіктіден* Дэлүүнге асатын мойнақты үстінде атақты Арқалық батырдың досы Жұбайдың бейіті де өткен дәуірден сыр шертеді [8,170].

«...Ал *Сұр тұмсықтағы* Даватының құйғанында судың арғы жағында шыбарайғыр Бәтекен қажы, Көксін аталарымыздың зираты тұр.

Бүгінгі *Мүшелбайдың қорасы* деген жерде Алтайдан алғаш асып келген атақты бай бабаларымыз қангелді Оралбай, найман Қалдеке мекен еткен. Ал ан-аа *Көккөтікте* бір үлкен шұңқыр бар. Қангелді Оралбай байға өңшең қаракөк біткен.

«...Ал *Жолтының кезеңіне* шықсаң, екі *Даваты* көз алдыңа тосылады. *Сарғобы*, *Көксін даласы*, *Қызылқияның басы Сідікті*, *Бозакөл*, *Құлжа*, *Депсег*, *Сайтан бастау*, қайтып *Бардам*, *Тошын*, *Көксай*, *Қарабұта*, *Сақсай*, *Аралши*, *Уөлшейті*, *Нәрін Шегіртау*, *Айнажан*, оның алдыңғы жағында *Майынты*, *Сарымсақты*, *Жалаңаш*, *Қызылсай*, одан әрі *Жолтының сайы* сұлап жатыр. *Жота қара*, *Қасқыр төбе*, *Нәрін Шегіртау*, *Шалғыр*, *Қызылкүнгеі*, *Ортақуыс*, *Ұзынаша*, дегендей шығыстан батысына дейін жалғасып, мұнартып жатқан кең даладағы бабаларымыз қойған жер су аттарын айтып тауыспаймыз» [8,171-172]

«...Ал мына астымызда көрініп тұрған кең алқап «*Күре жайлау*» деп аталады. Бұл өлкеге сол заманда Буянтының ар жағындағы ламалар келіп жайлайтын. Өнеу қабақ «*Генерал қабақ*» деп аталады, баяғыда Дорж генерал келгенде сол жерге үй тігіп қабылдаған

екен. Оның аяқ жағын «Күнішай қарын» деп атайды. Қазіргі Бақыт палуанның әкесі, Одынайдың әйелі Күнішай апай адамның кіші дәрігері жүргенде ауылдары осы жерде отырыпты. Жанында «Кісі атылған ши» дейтін жер бар. Біздің сорлы қазақтар қашып, сол араға келгенде үш кісіні солдаттар атып өлтіріпті деген аңыз қалған» [8,172].

Сағыныш сезіміне тола естелік-толғауды оқығанда, қазақтың бұл жерге соншалықты бауыр басқанын байқайсыз. Жер атауларының өзі бірінен бірі өткен сазды да көркем. Мал баққан қазақ жердің қасиетін де, көркін де терең ұғынған тәрізді. Асқар таудың бөлек-бөлек бітімін, қия жолын дәл бейнелеген. *Алтайдың Атаң дарасы, Кішіүй дарасы, Қызылқия, Сұр тұмсық, Қызылкүнгей, Ортақуыс, Ұзынаша* атаулары тауға байланысты айтылған. Жер бедерін терең түйсінген қазақ үшін тау жалпы мағына емес, әр қия-беттің өз ұғымының болуы жол-жөн сілтерде дәл бағыт-бағдар беретін айшықты есімге айналғаны көрінеді. Жалпы *дара* ұғымы жазық жерге қатысты қолданылмайды. *Көксін даласы* сол жерге ерте қоныстанған аталарының есімімен аталса, *Мүшелбайдың қорасы* да бай аталарының атымен айтылған. «*Жақыпбек атылған жер*», «*Генерал қабақ*», «*Кісі атылған ши*» кезеңдік оқиғаларға қатысты аталған.

### Қорытынды

Бірінші кезектегі міндет Моңғолия қазақтарының тарихи топонимдерін мүмкіндігінше жинау болды. Соған орай жазба деректер қарастырылды. Бұл жинау бәрібір барлық жер-су атауларын толық қамтымағаны белгілі. Жалпы жер-су атауларын *аймақтық, тұтас өңірлік* деп және *жергілікті, шағын қолданысты* деп бөлуге болатын шығар. Мәселен, Бұлғын атауы тұтас өңірге танымал болса, кейбір жекелеген төбе, құдық атауларының жергілікті ғана мәні болуы мүмкін. Жергілікті мәні бар топонимикалық атауларды тұтас өңір жұрты білмей жатуы заңдылық. Ал сол жердің төбесін жайлаған ел әр төбені өзінше атайды. Соның өзінде қолға түскен деректерге сүйенсек, Моңғолия қазақтарының топонимдік атаулары соншалықты бай және әр алуан екендігі байқалады. Сол себепті материалдар әлі де жинақтала түсуі қажет. Біршама толық жинақталғаннан кейін морфологиялық, типологиялық, этимологиялық талдаулар кең тұрғыда жүргізілуі қажет деп білеміз. Қалай дегенде де, шетел қазақтары түрлі тарихи жағдайларға орай шекараның арғы жағында бөлініп қалған қандасымыз. Олардың басынан өткен тарихи оқиғалар қазақ халқы тарихының құрамдас бөлігі саналады.

Белгілі тіл маманы Телғожа Жанұзақ «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні» зерттеу еңбегінде қазақ топонимдер құрамының алуан түрлі, күрделі болуының жайын мыңжылдық уақыт үдерістерімен байланыстырады. «Қазақ онимдері (жалқы есімдер) құрамы мен құрылысы және шығу тегі – алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа замандық топонимдердің бары тарихи құбылыс. Бұл атаулардың кейбіреулері Сақ, Қаңлы, Үйсін, Ғұн дәуірлеріне тән болса, біразы Орал-Алтай тіл бірлестігі кезеңіне, енді бір тобы көне түркі тіліне, ал басым көпшілігі қазақ тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, шағын тобы араб, парсы, моңғол, славян (орыс, украин, поляк т.б.) тілдерінен енгендер» [15,7] дейді.

Моңғолия қазақтарының жер-су атаулары негізінен қазақ тілінде қалыптасқан. Этимологиялық тұрғыдан тереңдете зерттеуді қажет ететін көне атаулардың көптігі байқалады. Кейбір атаулар жергілікті халық тілінің қазақша нұсқалануы болып келеді. Тарихи оқиғалармен, көшбастаушы тұлғалардың есімдерімен аталатын жер-су аттары мол. Ұлы жазушы М. Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әмәнда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - дейді. Моңғолия қазақтарының тарихи топонимикасы туралы да осыны айтуға болады. Мән-мағынасы терең, құпия сыры мол.

### Мүдделер қақтығысы мен авторлардың қосқан үлесі

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ. Авторлардың қосқан үлесі: С.О. Құлбарақ – мақаланың тұжырымдамасын құру, топонимикалық атауларды жинау және талдау; Г.А.Туякбаев - теориялық материалдарды жинақтау және талдау, зерттеу нәтижелерін синтездеу; Ә.М. Башенова - мақала мәтінімен жұмыс, зерттеу қорытындыларын талдау.

### Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған AP19678046 «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жобасы аясында жазылған.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мұхамәдиұлы Қ. Моңғолиядағы қазақтар тарихының кейбір мәселелері (1751-1911) // «Бес Боғда» журналы, 2011 ж. – №1.
2. Монғолия қазақтары: танымал тұлғалар (Тарихи-анықтамалық жинақ). - Ұлан-Батыр, 2020. – 240 б.
3. Қабышұлы И. Монғолия қазақтарының тарихы. Монгол Халық республикасы Ғылым академиясының Тарих институты. – Өлгий, 1980. – 260 б.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.79: Моңғолиядағы қазақ фольклоры. – Астана: Фолиант, 2011. – 416 б.
5. Очерки северо-западной Монголии: Результаты путешествия, исполн. в 1876-1877 г. по поруч.Имп.Рус.геогр.о-вачл.сотр.оногоГ.Н.Потаниным.Вып.1-4Материалыэтнографические. [Электронный ресурс] – URL: [https://rusneb.ru/catalog/000199\\_000009\\_003512486](https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003512486). (дата обращения 01.04.2024).
6. Қинаятұлы З. Монғолиядағы қазақтар. 2-кітап. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2007. – 256 б.
7. Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край [Электронный ресурс]. Т. 3, вып. 2. Антропологический и этнографический очерк этих стран: доп. и поправки / сост. Г.Е. Грум-Гржимайло, почет. чл. Имп. Рус. и Королев. Нидерланд. геогр. о-в, 1930 (2013). – С.413-858.
8. Құрманбайұлы Ү. Тағдыр. Көркем әдеби, саяси туынды. – Алматы: Жамбыл, 2023. – 284 б.
9. Ғақылия. – Өлгий, 1994. - 142 б.
10. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. I том. – Алматы, 1998. – 719 б.
11. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: «Мерей» шағын семьялық кәсіпорны, 1995. – 298 б.
12. Замана жыршылары. – Өлгий, 1989. - 188 б.
13. Баймолда Д. Қазақ көші. – Алматы, 2013. – 308 б.
14. XX-XXI ғасыр 100 жыл. Рухани көшбасшылар. Моңғолия қазақтарының әдеби-мәдени анықтамалығы. – Өлгий, 2024. – 280 б.
15. Телғожа Жанұзақ. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.
16. Zhanzhigitov S., Abdualiuly B., Doszhan R., Serikbayeva Z., Mamayeva A. Yeshmetova B. The problem of systematization of terms in turkic languages and technologies of teaching at universities, Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022. – Vol.17(4), P.1077 - 1089. DOI <http://dx.doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7100>

**С.О. Кұлбарақ<sup>1</sup>, Г.А. Туякбаев<sup>2</sup>, А.М. Башенова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени КORKYT АТА, Кызылорда, Казахстан

**Казахская топонимия в регионах Монголии (на основе письменных источников)**

**Аннотация.** В статье на основе письменных источников рассматривается историческая топонимика казахов Монголии. Прошло уже более полутора веков с тех пор, как одна из ветвей рода керей казахского народа Керей Абак перешла через Алтай и поселилась на монгольской земле. Казахи Монголии, пережившие различные исторические периоды и невзгоды, и сегодня считают своей родиной северную часть Алтая и Кобдинский край. Географические наименования - символ прошлой истории, народной памяти.

Основная цель научной работы – сбор и систематизация исторических топонимов казахов Монголии, определение их основных характеристик, соотнесение с историческими событиями.

В качестве источников, в первую очередь, использованы записи членов экспедиций, побывавших в XIX веке на монгольской земле, а также произведения народных акынов, посвященные историческим событиям, выпавшим на долю народа, воспоминания соотечественников, вернувшихся на историческую родину, стихи и поэмы современных поэтов и другие материалы. В работе в качестве источников исследования использованы книги, в которых рассказывается об истории миграции монгольских казахов, об их жизни и быте в настоящее время. Актуальность научной работы состоит в том, что историческая топонимика казахов Монголии ранее не становилась объектом исследования. С этим же связана и новизна настоящей работы.

Историческая топонимика казахов Монголии богата и разнообразна. Она дает важные сведения об истории, о судьбе народа и пережитых ими событиях. Закрепление казахов на этих территориях связано с самоотверженной борьбой, с историческими личностями, которые принимали смелые решения. Теоретическое и практическое значение работы заключается в том, что в ней исследуется история расселения казахов за рубежом и пути формирования исторической топонимики. Результаты работы могут быть использованы на отделениях филологии высших учебных заведений, в исследованиях по данной тематике. В работе использованы следующие методы исследования: дискриптивный (описательный), историко-сравнительный (компаративный), историко-сопоставительный (типологический), этимологический, когнитивный, метод сбора.

**Ключевые слова:** казахи Монголии, историческая топонимика, историческое событие, морфологическая структура, топонимические легенды, фольклористика, письменные источники, топонимы.

**Kulbarak S.O.<sup>1</sup>, Tuyakbayev G.A.<sup>2</sup>, Bashenova A.M.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

**Kazakh toponymy in Mongolian regions (based on written sources)**

**Abstract.** The article examines the historical toponymy of Mongolian Kazakhs, based on an analysis of written data. More than a century and a half has passed since Kerei Abak, a branch of the Kazakh people, settled in the Mongolian lands beyond the Altai. Mongolian Kazakhs, who have experienced various historical periods and hardships, now consider the remote side of Altai and the Kobda region as their homeland. Names of places and water symbolize history and people's memory. The main aim of the scientific work is to collect and systematize the historical toponymy of Mongolian Kazakhs and to determine their main characteristics and connection with history.

At the same time, the written data are primarily the travelogues of the expedition members who visited Mongolia in the 19th century, the poems of folk poets written in connection with the historical events that brought dire conditions to the country. Additionally, the memories and emotions of compatriots who spent their childhood in their homeland and later returned to their homeland, and the poems and emotions of modern poets and other materials were used as a basis. In the research

work, the published books related to the history of migration of Mongolian Kazakhs and their current lives were used as research sources. The relevance of scientific work historical toponymy of Mongolian Kazakhs has never been an object of research. The innovative character of the work is also connected with this.

The historical toponymy of Mongolian Kazakhs is rich and diverse. Historical toponymy gives a lot of information about the history of blood brothers and the events of the country. It is determined that the settlement of Mongolian Kazakhs in their homeland is connected with self-sacrificing struggle and courageous decisions of historical figures. The theoretical and practical significance of the work is the research work in recognizing the history of the settlement of Kazakhs abroad and the formation of historical toponymy. The results of the work can be used in lectures of philology departments of higher educational institutions, and research works on this topic. Descriptive (descriptive), historical-comparative (comparative), historical-comparable (typological), linguistic-etymological, cognitive, and summative methods were used in the research.

**Keywords.** Mongolian Kazakhs, historical toponymy, historical event, morphological structure, toponymic legends, folklore studies, written sources, toponyms.

## References

1. Muhamadiuly K. Mongolijadagy kazaktar tarihnyn kejbir maseleleri (1751-1911) [Some problems in the history of Kazakhs in Mongolia (1751-1911)], Bes Bogda, №1(2011). [in Kazakh]
2. Mongolija kazaktary: tanyml tulgalar (Tarihi-anyktamalyk zhinak) [Mongolian Kazakhs: famous people (Historical reference collection)] (Ulan-Batyr, 2020, 240 p.) [in Kazakh]
3. Kabyshuly I. Mongolija kazaktarynyn tarihy [History of Mongolian Kazakhs]. (History Institute of Mongol National Science Academy. Olgii, 1980, 260 p.) [in Kazakh]
4. Babalar sozi: Zhuztomdyk. T.79: Mongolijadagy kazak fol'klory. [The Words of Ancestors: 100 volumes. Vol.79: Kazakh Folklore in Mongolia] (Foliant, Astana, 2011, 416 p.) [in Kazakh]
5. Ocherki Severo-zapadnoj Mongolii: Rezul'taty puteshestvija, ispoln. v 1876-1877 g. po poruch. Imp. Rus. geogr. o-va chl. sotr. onogo G.N. Potaninym. Vyp. 1-4 Materialy jetnograficheskie. [Essays of Northwestern Mongolia: Results of a trip carried out in 1876-1877 on behalf of the Imperial Russian Geographical Society by member-employee G.N. Potanin. Vol. 1-4. Ethnographic materials]. [Electronic resource] – Available at: [https://rusneb.ru/catalog/000199\\_000009\\_003512486/](https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003512486/) (accessed 01.04.2024) [in Russian]
6. Kinajatuly Z. Mongolijadagy kazaktar. 2-kitap. [Kazakhs in Mongolia. Book 2] (Global Society of Kazakhs, Almaty. 2007, 256 p.) [in Kazakh]
7. Grumm-Grzhimailo G.E. Zapadnaya Mongoliya i urianhaiskii krai [Western Mongolia and Uriankhai region]. Vol.III (2). (Peterburg, 1907, P.413-858) [in Russian]
8. Kurmanbaiuly U. Tagdyr. Korkem adebi, sayasi tuyndy [Fate. Artistic, Literary, and Political Work] – (Zhambyl, Almaty, 2023, 284 p.) [in Kazakh]
9. Gakylia (Bajan-Olgij, 1994, 142 p.) [in Kazakh]
10. Kazakstan Ul'tyik enciklopedijasy. I tom [National Encyclopedia of Kazakhstan. Vol. I] (Almaty, 1998). [in Kazakh]
11. Kinayatuly Z. Zhylagan zhyldar shezhiresi [The Chronicle of Crying Years] (Merey, Almaty, 1995, 298 p.) [in Kazakh]
12. Zamana zhyrshylary [Contemporary poets] (Olgij, 1989, 188 p.) [in Kazakh]
13. Baimolda D. Kazak koshi [Kazakh migration] (Almaty, 2013, 308 p.) [in Kazakh]
14. XX-XXI gasyr 100 zhyl [XX-XXI century 100 years]. Spiritual Leaders. Reference Book of Culture and Literature of Mongolian Kazakhs. (Olgij, 2024, 280 p.) [in Kazakh]
15. Telgozha Zh. Tarihi zher-su attarynyn tuptorkini [The origin of historical place-water names] (Sozdik-slovar LLP, Almaty, 2010, 356 p.) [in Kazakh].
16. Zhanzhigitov S., Abdualiuly B., Doszhan R., Serikbayeva Z., Mamayeva A. Yeshmetova B. The problem of systematization of terms in turkic languages and technologies of teaching at universities, Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022. – Vol.17(4), P.1077 - 1089. DOI <http://dx.doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7100>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Құлбарақ С.О.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6092-5388.

**Туяқбаев Ғ.Ә.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-5000-2122.

**Башенова Ә.М.** – хат-хабар үшін автор, филология магистрі, Қорқыттану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-4182-0887.

**Кулбарак С.О.** – доктор филологических наук, профессор, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6092-5388.

**Туякбаев Г.А.** – кандидат филологических наук, профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, Кызылорда. ORCID: 0000-0002-5000-2122.

**Башенова А.М.** – автор для корреспонденции, магистр филологии, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан. ORCID: 0000-0002-4182-0887.

**Kulbarak S.O.** – Doctor of Philology, Professor, M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6092-5388.

**Tuyakbayev G.A.** – Candidate of Philology, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-5000-2122.

**Bashenova A.M.** – corresponding author, Master of Philology, Researcher of Korkyt Studies Scientific Center, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-4182-0887.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).